

Мұнайдың теңізге және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарына авариялық төгілуін жоюға арналған диспергенттердің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 21 маусымдағы № 262 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 28 шілдеде № 14018 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 19 мамырдағы № 153 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 19.05.2021 № 153 (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексі 17-бабының 24-2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Мұнайдың теңізге және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарына авариялық төгілуін жоюға арналған диспергенттердің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы

Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

Қ. Бозымбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

_____ А. Мырзахметов

2016 жылғы 17 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

_____ Ж. Қасымбек

2016 жылғы 24 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

_____ Қ. Қасымов

2016 жылғы 22 маусым

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2016 жылғы 21 маусым
№ 262 бұйрығымен бекітілген

Мұнайдың теңізге және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарына авариялық төгілуін жоюға арналған диспергенттердің тізбесі

1. Finasol OSR 51, Франция
түсі: қалампыр түсті, қара;
қату температурасы, °С: <-37;
тұтану температурасы, °С: 65;
тығыздығы, г/см³: 0,87-0,89;

ерігіштігі: суда ериді;
биодеградациялану дәрежесі BOD₅/COD: OECD 301F 69% әдісі
кезінде 28 күнде жеңіл биодеградациялану.

2. Inipol IPF, Франция

түсі: ашық-сары;
қату температурасы, °C: < -30;
тұтану температурасы, °C: 78;
тығыздығы, г/см³: 0,91-0,94 (20°C);
ерігіштігі: көмірсутектер.

3. Corexit EC9500A, АҚШ

түсі: янтарлы;
қату температурасы, °C: <- 57;
тұтану температурасы, °C: 83;
тығыздығы, г/см³: 0,95;
ерігіштігі: сумен араластырады, рН 6,2
биодеградациялану дәрежесі BOD₅/COD: биоаккумуляцияға
қабілеттілігі күтілмеген.

4. Inipol IP-90, Франция;

түсі: ашық-сары;
қату температурасы, °C: <-10;
тұтану температурасы, °C: 64;
тығыздығы, г/см³: 0,95;
ерігіштігі: су.

5. Dasic Freshwater Dispersant, Ұлыбритания.

түсі: қоңыр;
қату температурасы, °C: <-10;
тұтану температурасы, °C: 72;
тығыздығы, г/см³: 0,9 (20°C);
ерігіштігі: суда ериді;
биодеградациялану дәрежесі BOD₅/COD: биодеградациялануға
жатады, биожинақталуы төмен.